



Автор: АЙТКУЛОВА ГУЛЬНУР БАЗАРБЕКОВНА

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: К дыбысы мен әрпі

| | |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1. Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады |
| Күтілетін нәтиже: | Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алды |
| Бағалау критерийлері: | Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады |
| Құндылықтарды дарыту: | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Аудиожазба, таныстырылым. |
| Пәнаралық байланыс: | Музыка сабағы, көркем еңбек, дене шынықтыру |
| Бастапқы білім: | қайталау |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|--------------------------|---|-----------|
| Сабақтың басы (10 мин) | Біз балдырған баламыз , Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. | |
| Сабақтың ортасы (15 мин) | 2-тапсырма: «Елдостың тапсырмасы» №1 Өлеңді тыңда. Аудио жазбаны тыңдау Ата ақылы. Кім үлкенді тыңдаса, Кім үлкенді сыйласа, Үлкен болған кезінде Сыйлы болмақ өзі де. С.Мәуленов Бұл өлеңнің авторы С. Мәуленов туралы айту 3-тапсырма: «Аяжанның тапсырмасы» «Галереяға саяхат» ТЖ-әр топқа сурет беру сол суреттердің қарама-қарсы сөздерін тауып алу. (мысалы:кіші-?, ыстық-?,ескі-?) | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---------------------------|---|-----------|
| Сабақтың соңы (10 мин) | <p>4-тапсырма: «Мая апайдың тапсырмасы» №3 Еркіннің хатын тыңдап, сұрағына жауап іздеңдер. ЖЖ: Жеке тапсырмаларды орындау 5-тапсырма: «Білімпаз атаның тапсырмасы» (Баннерден жасалған кілемшеге асықты лақтырып, асық қай суретке түссе сол суреттің астындағы сұрақтарға жауап береді.) №4 Суретте бейнеленген заттардың әрқайсысын ата. Бұлардағы ортақ нәрсе не? 1-топ:(асық осы суретке түссе) Берілген суретке қарап кеспе әріптермен жазу 2-топ:(асық осы суретке түссе) Ән айту 3-топ:(асық осы суретке түссе) QR кодтың жазылып тұрған сөзін оқу және суретін салу (ұялы телефонның көмегімен QR-кодының астында жасырынып тұрған сөзді оқу, буынға бөлу)</p> | |
| Рефлексия (5 мин) | <p>Рефлексия «Ұшақ ұшыру» (Әртүрлі түстегі ұшақтардың ішінде жапсырылған сөздерді оқып, бүгінгі өткен тақырыптар бойынша оқушылар сабақты қорытындылайды)</p> | |